



www.bilimland.kz

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ
8-сынып



Шығармашылық
қанатында

29-
сабақ



Реванди әл - Хорезми

**Жаны таза адам
сұлулыққа құмар
келеді.**

Шабыт! Ол – адамға қанат беретін ұлы күш. Қандай күш сол шабытты оятқан? Бұл – шығармашылық өмір, іздену өмірі.


Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Шығармашылықтың сендердің өз бетімен ізденіп, ой-өрістеріңді кеңейтудегі маңызы өте ерекше.

«Дос – өмір жолында өзің тандап тапқан туыс» деген сөз бар. Мәжит – бала күннен туыс-бауырдай араласқан сондай бір досым. Мен оны үлкен ғалым, математика профессоры болады деп ойлаушы едім. Ол болса ұстаздық жолды таңдады. Мен бүгін, жай, бірге жүрген қарапайым досы ретінде бала күнгі, кейінгі бір болмашы, бірақ өзім үшін мәнді, қызықты көрінетін екі-үш эпизодты еске алып, орайы келгендегі достық көңілімді білдіргенді жөн көрдім.

Тұрсынжан Шапай

Тұрсынжан Шапай
Жай ғана досым ...
(Үзінді)



**Дос – өмір жолында өзін
таңдап тапқан туыс**



Талқылауға арналған сұрақтар

1. Автор не себептен жүрегінің төрінен орын алған өзінің қарапайым досы туралы сыр шертті?
2. Тұрсынжан мен Мәжиттің арасындағы қарым-қатынастан достықтың қандай шынайы қырларын байқадыңдар?
3. Мәжит Сарыарқаның төсінің ғажап сұлулығына қалай тамсанды?
4. Мәжиттің өмірінен алынған эпизодтың нәзік мәнін келтіріп тұрған не?
5. Шабыт деген не?
6. Шабыттанған адам қандай шығармашылық істерді атқара алады?
7. Өз өмірлерінде үлгі болатын ұстаздарың болды ма? Мысал келтіріңдер.

1-тапсырма .

Қазақ поэзиясындағы ең үздік жырларды жырлаған ақын, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырзалиевтің ұлы даласынан шабытттанған өз халқы туралы «Табиғат және қазақ» өлеңін тыңдаңыздар.

2-тапсырма.

«Менің атым Қожа» кинофильмінен
үзіндіні көріп, «Мені шабыттандырады» тақырыбы
бойынша өлең шығарыңдар



Алдыңғы сабақта “Біз біргеміз” тақырыбында өткізілген іс – шаралар бойынша жоба күнделігін толтырыңдар





www.bilimland.kz